

К.К. Күркебаев , Д. Қ. Қалиакпар 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: kurkebaevk@gmail.com, danara.k0506@gmail.com

## НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІ ЭПОСТЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада Еуразия кеңістігінде көшпелі қоғамның саяси-құқықтық дамуында іргелі із қалдырған Ноғайлы дәуірінің тарихи дастандар мен батырлар жырының лингвопоэтикалық және лексика-семантикалық ерекшеліктері қарастырылады.

Алтын Орданың ыдырауы мен Ақ Орданың әлсіреуінен Қазақстан территориясында пайда болған ірі мемлекеттік құрылымдардың бірі Ноғай Ордасы болды.

Ноғай Ордасының он сан ноғайлы ру-тайпалары қазақ құрамына келгенде сол дәуірдің мол әдеби мұрасын бірге әкелді. Ноғайлы дәуірінің жырға толы құнарлы бай лексикалық құрамы қазақтың ауызша әдеби тіл нормасын дамытты, жетілдірді. Сонымен қатар біртектес түркі тілдерінде қыпшақ тобында сөйлейтін қазақ, ноғай, башқұрт ру-тайпаларының осы ноғайлы дәуіріндегі эпостық шығармалары осы тілдердің лексикалық қоры мен құрамында үлкен із қалдырды.

Ноғайлы дәуірінің жыр толғауларының лексика-семантикалық ерекшелігі философиялық терең ой мен дидактикалық мазмұнға, сан алуан экспрессия мен эмоцияға, өсиет-нақыл сөздер мен афоризмдерге, соны тіркестер мен синтаксистік параллелизмдерге аса бай.

Ноғайлы дәуіріндегі эпостық жырлар мен тарихи дастандардың, толғаулардың тіліндегі бай лексикалық құрамды жер-су атаулары, кісі есім атаулары, ру-тайпа атаулары, жауынгерлік лексика, жан-жануар және мал атаулары, қоғамдық-саяси лексика, діни лексика мен дерексіз сөздер, тұрмыстық лексика сияқты тақырыптық топтар құрайды.

**Түйін сөздер:** түркі тілдері, базалық лексика, ноғайлы дәуірі, әдеби тіл, батырлар жыры, тарихи дастандар, лексикалық құрам.

K.K. Kurkebaev, D.K. Kaliakpar

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: kurkebaevk@gmail.com, danara.k0506@gmail.com

### The lexical properties of the nogai epic stories

The article deals with the linguistic-poetic and lexical-semantic features of historical epics and heroes of the Nogai era, which left a fundamental trace in the political and legal development of the nomadic society of Eurasia.

Nogai Orda was one of the largest structures that appeared on the territory of Kazakhstan after the weakening of the Ak Orda and the collapse of the great AltynOrda.

Ten Nogai tribes brought with them a rich literary heritage at the time when they became part of the Kazakh people. The poetic and rich poetry of the Nogai people developed and improved the norms of the oral Kazakh literary language. As well as the epic works of the Nogai era of the Kazakh, Nogai and Bashkir tribes speaking the same Turkic languages, left a big mark in the lexical basis and in the composition of these languages.

The lexical and semantic features of the Nogai epics are rich in didactic contents, have a deep philosophical meaning, various expressions and emotions, words of edification, aphorisms, periphrases and syntactic parallelisms.

Epic tales and historical epics of the Nogai era have a rich lexical composition, as it includes such thematic groups as toponomic names, anthroponyms, ethnonyms, military vocabulary, zoonymies, socio-political vocabulary, theological vocabulary and abstract concepts, household vocabulary.

**Key words:** Turkic languages, basic vocabulary, Nogai epoch, literary language, poetry about heroes, historical epics, lexicon, lexical groups.

К.К. Куркебаев, Д.К. Калиакпар

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: e-mail: kurkebaevk@gmail.com, danara.k0506@gmail.com

### Лексические свойства эпических сказаний ногайской эпохи

В данной статье рассматриваются лингвопоэтические и лексико-семантические особенности исторических эпосов и героев Ногайской эпохи, оставившие фундаментальный след в политически-правовом развитии кочевого общества Евразии.

Ногайская орда была одной из крупнейших структур, которая появилась на территории Казахстана после ослабления Белой Орды и распада Великой Золотой Орды.

Десять ногайских племен принесли с собой богатое литературное наследие во времена, когда они вошли в состав казахского народа. Платотворная и богатая поэзия ногайского народа развивала и совершенствовала нормы устного казахского литературного языка. А также эпические произведения ногайской эпохи казахских, ногайских и башкирских племен, говорящих на одних и тех же тюркских языках, оставили большой след в лексической основе и в составе этих языков.

Лексико-семантические особенности Ногайских эпосов богат дидактическими содержаниями, имеет глубокий философский смысл, различные экспрессии и эмоции, слова назидания, афоризмы, перифразы и синтаксические параллелизмы.

Эпические сказания и исторические эпосы ногайской эпохи имеют богатый лексический состав, так как в него входят такие тематические группы, как топономические названия, антропонимы, этнонимы, военная лексика, зоонимии, общественно-политическая лексика, теологическая лексика и абстрактные понятия, бытовая лексика.

**Ключевые слова:** тюркские языки, базовая лексика, ногайская эпоха, литературный язык, поэзия о батырах, исторические эпосы, лексический состав.

### Кіріспе

Түркілер (қыпшақтар) өз дәуірінде Шығыс Еуропа мен Дунайдан бастап Орта Азияны, Азов теңізі жағалауын, Қырымды, Солтүстік Кавказды, Мысырды, тіпті шығысында Қытай қорғанына дейінгі ұлан-ғайыр аумақты уысында ұстап төрткіл дүниені дүр сілкіндірген әлемдік өркениет пен мәдениетке, тарихқа өзіндік үлесін қосқан аса қуатты мемлекеттердің бірегейі еді. Бұл жөнінде түркі жұртшылығына аса танымал құмықтың тарихшы ғалымы Мурад Аджи: «К концу V века, кипчаки заселили пол Европы и всю Центральную Азию. Тюркская речь заглушала на Евразийском континенте любую другую. Тюрки были самым могучим и многочисленным народом мира... На Идели (Волге) встретились культуры Востока и Запада. Благодаря усилению тюрков древний мир соединился в единое пространство, которое называли Евразией» деп нақтылай түседі (Adzhy M., 1999: 75).

Алайда тарих саханасының сан қатпарлы белесінде Алтын Орданың ыдырауы мен Ақ Орданың әлсіреуі барысында Қазақстан территориясында пайда болған ірі мемлекеттік құрылымдардың бірі Ноғай Ордасы болды.

Қуатты Ноғай ордасы туралы татар, башқұрт, ноғай, құмық зерттеушілері «Волгдан Ертіске дейін, Каспий мен Арал теңіздерінің

жағалауынан Қазан және Чимга-Тураға дейін үлкен кеңістікке ие болған Ноғай Ордасы бұрынғы Алтын Орданың күйрегеннен кейін құрылған басқа мемлекеттер арасындағы ең үлкені және Эдог Нураддиннің (1426-1440) тұсында Ноғай Ордасы ең көп және ең ірі орда болғаны белгілі.

Ноғай ордасының тарихы туралы докторлық диссертация жазып қорғаған профессор В.В. Трепавлов төмендегідей деректер келтіреді: «1530-е-1540-е годы были апогеем могущества и влияния Ногайской Орды. Разгромив или запугав соседей, потомки Мусы смогли наконец обезопасить ее от внешних посягательств. Несмотря на зыбкость единства правящего клана и свержение бия Саид-Ахмеда, перед окружающими народами Ногайская Орда того времени выступала как грозная и относительно монолитная сила. Ногаи сумели включить в сферу своей гегемонии Казахское ханство, утвердить и упорядочить свое господство над Башкирией. Как равные они состязались в борьбе за влияние на Астрахань с Крымом и на Казань (хотя и в неявной форме) с Россией. В этот период Орда обрела некоторые признаки начальной государственности: мирзы и управляемые ими эли были разделены на крылья (провинции) под верховенством наместников-военачальников, бий по своему положению и авторитету внутри (но не вне) державы при-

близился к монарху-хану. Правление бия Шейх-Мамая (около 1540-1549) было высшей точкой развития политической и социальной структуры ногаев» (Трераблов В.В., 2002: 53).

Ноғайлы дәуірінің этникалық құрамын түркі тектес тайпалармен қатар сары, қара, маңғыт және Кавказ ноғайлары құраған. Сары ноғайлар (татарлар) қуатты Алтын Орда ыдырағаннан кейін Қазан, Қырым және Астрахан хандықтарын құрды. Қара ноғайлар (барабы татарлары) он сан ноғай хандығын орнатты. Маңғыт ноғайлары Кіші жүз қазақтарының құрамына сіңісіп кетсе, Қап тауының ноғайлары (адыгей, қарашай, бұлғар, абхаз, ингуш, құмық, т.б.) кіші және үлкен Ноғай ордасының құрамына еніп кетті. Жалпы Ноғайлы дәуіріндегі халықтың негізін монғол жаулаушыларының құрамында болған байырғы түркілік этникалық ру-тайпалар құрады.

Ноғайлы дәуірі Еуразия кеңістігінде көшпелі қоғамның саяси-құқықтық дамуында маңызды із қалдырған іргелі дәуірдің бірегейі еді. Ноғайлы дәуіріндегі көшпелі қоғамдық ой-сананың маңызды мұраларын тарихи дастандар мен батырлар жыры құрайды.

### Эксперимент

Көне замандардан жырланып келе жатқан күллі түркі халықтарына ортақ дәстүрлі батырлар жырының қалыптануы осы кезеңде нақтыланды. Бұл жөнінде Қазақ әдебиетінің энциклопедиялық анықтамалығында жүйелі көрсетіледі: «Ноғайлы аталып, кейін бір-бірінен бөлініп кеткен түркі тайпаларының көпшілігі өздерінің ноғайлы кезінде жырлаған шығармаларын мүлде ұмытқан, не оның ұзындығын, үзінді жұрнақтарын ғана сақтаған. Ал қазақ атанған ноғайлылықтар сол кездегі мол мұраға ие болып, көпшілігін жоғалтпай сақтап қалған. Сөйтіп, бұрын ноғайлы әдебиеті делініп келген туындылардың көпшілігі қазақ әдебиетінің қорына қосылып, оның төл әдебиеті боп кеткен. Мысалы, «Ер Төстік», «Жиренше шешен», «Алдар көсе» т.б. ертегі аңыздар. «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Едіге», «Қырымның қырық батыры», «Ер Жабай», «Ер Шора», «Орақ-Мамай» т.б. эпостық жырлар – сол ноғайлы заманының мұралары. Аталған жырлардың негізгі кейіпкерлері – ноғайлыдан шыққан адамдар. Әрбір жыр өз қаһармандарын ноғайлы батыры, не ноғайлының атақты адамдары деп танытады. Мәселен, «Қамбар батыр» дастанында Қамбардың тегі туралы «Қазақ емес,

сарт емес, Қамбардың түбі – ноғайлы...» делінген. Осы жырдағы Назым сұлудың әкесі Әзімбайон екі баулы өзбектен дей келіп, оның елін де ноғайлы еді дейді. Сондай-ақ, Ер Сайынның әкесі Бозмұнай да ноғайлының – жүз отыз жас жасаған қариясы. Қара Қыпшақ Қобыланды да ноғайлы. Естереқұлы Ер Тарғын мен Қоңырат елінің батыры Алпамыстың әкелері де «қалың ноғайлы елінен» (Qazaq ádebietі, 2005: 397).

Ноғайлы дәуірінің аузы дуалы би шешендері мен жырауларының өздері жырлап өткендей, «жеті жұрт көшіп-қонған» бұл кезең көшпелі қоғамдағы саяси ой-санасының синтезделіп, даралана түскеніне және түркі дүниесіндегі тарихи оқиғалардың үлкен саханасына айналғаны тарихи ақиқат.

Түркітану кеңістігіндегі Ноғайлы дәуірінің тарихи дастандары мен батырлар жырын негізінен екі үлкен топқа топтастыруға болады:

Біріншісі байырғы түркі тайпаларынан бері жырланып келе жатқан эпостық жырлар. Оларға «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», және т.б. жатқызуға болады.

Екіншісі, ноғайлы дәуірінің төл тума жәдігерліктері. Олардың қатарына «Ер Қосай», «Ер Көкше», «Қырымның қырық батыры», «Едіге батыр» «Қарасай – Қазы», «Парпария», «Шора батыр», «Әділ Султан», «Мұса хан», «Аңшыбай батыр», «Құттықия», «Нұрадин», «Мұсахан» және т.б. жатады.

Ноғайлы дәуіріндегі тарихи дастандардың идеялық мазмұны сол кезеңдердегі елдің ішкі бірлігі мен ынтымағы, елі мен жерін сыртқы жаудан қорғау, мемлекеттің біртұтастығы сияқты құндылықтарды насихаттайды. Бұл жөнінде зерттеуші А.И.М. Сикалиев былай дейді: «В ногайском героическом эпосе нашли свое воплощение буржуазная политическая и духовная жизнь ногайского народа в XIII-XV вв., его борьба с внутренними и внешними врагами, его мечта о светлом будущем. Наиболее распространенными являются поэмы: «Ахмет, сын Айсыла», «Копланды батыр», «Эдиге», «Мамай», «Манашы улы Туякбай», «Эр Таргыл», «Мусевке батыр», «Шора батыр», «Адиль-Солтан», «Сорок ногайских богатырей», «Карасай-казы», «Эр Кусеп», «Эр Косай», «Аманхор», «Эр Кокше», «Камбар батыр» и др (Sikaliev A., 1980: 6).

### Нәтиже мен талқы

Ноғайлы дәуіріндегі тарихи дастандар мазмұнында атадан ер болып туғасын, аттың жа-

лын тартып мініп ел шетіне тиген сыртқы жаудан елін, жерін азат ету идеясы кеңінен суреттеледі. Мәселен мұны «Ер Қосай» жырынан да көруге болады. Бұл жырдың да сюжеті негізінен ноғайлы еліндегі жаугершілік әрекеттерді бейнелейді.

*«А, ноғайлым, ноғайлым,  
Көкірексіңген ноғайлым.  
Көбеңсіңген ноғайлым,  
Қайрат қылып, қан татпай,  
Тақасып жаумен оқ атпай.  
Келгенін жайпап, қиратпай,  
Кегіңді қалай аласың?  
Кек алмасаң жауыңнан.  
Қапыда өзің қаласың.  
Босқа қорықсаң, тұра бер.  
Жалғыз өзім болсам да,  
Өзім-ақ жауға барайын,  
Тобына ойран салайын.  
Жау жағадан алғанда.  
Ердің айтар мұңы бар.  
Айқасып жаумен қалайын.  
Ерлердің кегін алайын (Ер Қосай)*

Ноғайлы дәуіріндегі заманды армандау, аңсау сарыны Қазтуған мен Доспамбет, Шалкиіз, жырлары арқылы халыққа тарап, Мұрат ақын жырларымен сабақтасқан. Өйткені, Доспамбет те, Қазтуған да Ноғайлы, яғни Алтын Орда заманының басынан дәурені өткенін, халықтың кезіндегі тарихи тағдырын жырласа, бодандыққа түсіп, берекесі қашқан жұртының тағдыры Мұрат өлеңдеріне де арқау болған.

*Бұл қоныс жеті жұрттан қалған қоныс,  
Ноғайдың көшіп, талақ салған қоныс.  
Қазтуған, Асан қайғы, Орақ, Мамай,  
Біз түгіл осыларды алған қоныс...*

Ноғайлы дәуірінің ақын-жыраулық дәстүрі Мұрат арқылы бізге жеткен Махамбет өлеңдерінде де қайталанып отырады.

Асан қайғы, Сыпыра жырау, Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбет, Шобан жыраулардан бастау алатын Ноғайлы дәуірінің эпостық туындылары мен фольклор шығармалары қазақ әдеби тілінің алғашқы арналары болып табылады.

Көп жылдар фольклор тілімен шұғылданып келе жатқан Е. Жұбанов халық ауыз әдебиеті шығармаларының тілін ауызекі әдеби тілге жатқызды. Ол өзінің «Эпос тілінің өрнектері» атты монографиясында «эпостық жасампаз дәстүрі арқасында замана әуеніне талмай үн қосып отырған мұндай шығарма қазақ халқының

ауызекі әдеби тілінің тамаша үлгісі ғана емес, сонымен бірге ол біздің кейінгі жазба әдебиет тілімізге де нәр береді. Эпос тілінің әдеби тілге, қазақтың ескі жазба тіліне, тіпті осы күнгі жазба әдеби тіліне қайнар көз болудағы орны да айырықша (Жубанов Е., 1978: 112).

Өз дәуірінде, өз заманында ауызша тараған бұл эпикалық шығармалар тілі сол дәуірдің ауызша әдеби тілінің қызметін толық атқарды. Өйткені әдеби тілдің аса маңызды қызметінің бірі қоғамды үйлестіруші қызмет болса, Ноғайлы дәуірінің тарихи дастандары мен туындылары өз уақытында, өз заманында қоғамдық, дидактикалық, шешендік, әлеуметтік, жауынгерлік, лирикалық қасиеттерді синкретті түрде ауызша әдеби тіл нұсқасында қолданысқа енгізілді.

Ноғайлы дәуірі әдеби тіліндегі өзіндік ерешеліктері жөнінде зерттеуші Б. Момынова былай дейді: «Бұл ғасырлардағы көркем әдебиет нұсқалары тілінде өзіндік ерекшеліктер жеткілікті. Олардың тілінде бейтаныс сөздер, мағынасы күңгірт сөздер, сол сияқты грамматикалық ерекшеліктер кездеседі» (Момынова В., 2011: 62).

Тарих қатпарының осы тұсында Ноғай Ордасының шығыс территориясында Қазақ хандығы құрылды. Кейіннен Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығы арасында шапқыншылықтар басталды. Осындай ішкі тартыстың бірінде Ордамбет би өлді. «Дальнейший распад Ногайской орды способствовал присоединению отдельных, вероятно, довольно многочисленных ногайских улусов к Казахской орде и смешению их с казахами. Восточная группа ногайских улусов, «алтынаульцы» растворилась, повидимому, в состав казахов так называемого «Младжего жуза» (Zhirmunsh.V., 1974: 93).

Аласапыран тарихтың осы бір кезеңінде Алтын Орда мен Ноғай Ордасының бірлігі мен билігін көкसेген «Тоқтамыс толғауын» қайта жырлатты.

*Ай, жігіттер, чоралар!  
Ордамбет би өлгенде  
Он сан ноғай бүлгенде...  
Хан Тоқтамыс қарланып  
Байтағым деп зарланып  
Айтып жылай жөнелді, –*

деген үлгілес жырлар дүниеге келді.

Ноғай Ордасының он сан ноғайлы рутайпалары қазақ құрамына келгенде сол дәуірдің мол әдеби мұрасын бірге әкелді. Осы келген

ноғайлы дәуірінің жырға толы құнарлы бай лексикалық құрамы қазақтың ауызша әдеби тіл нормасын дамытты, жетілдірді.

Тарихи дастандар мен толғаулар тілінің лексиканың құнарлы қабатын құрайтын лексика-семантикалық бірліктер мен тіркестер туралы зерттеуші Қ. Өмірәлиев өз тұжырымын ұсынады: «Тілдің байлығы осы сияқты тұрақты тіркестер мен сөз орамдарының молдығы, яғни олардың модель жағынан да, жеке бір сөздердің тіркес жасау өрісінің кеңдігі жағынан да әр тараптығы арқылы көрінбек (Umiraliev K., 2010: 6).

Яғни біртектес түркі тілінде (қыпшақ тобында) сөйлейтін қазақ, ноғай, башқұрт ру-тайпаларының осы ноғайлы дәуіріндегі эпостық шығармалары осы тілдердің лексикалық қоры мен құрамында үлкен із қалдырды.

XIV-XVII ғасырлардағы Ноғайлы дәуіріндегі жыр толғаулар тілінің лексикалық құрамын

қазіргі қазақ тілінің лексикалық құраммен салыстырғанда едәуір бөлігін көнерген сөздер құрайды. Бұлар – көненің тот басқан қылышындай өткен дәуірдің өзіндік сырын аңғартатын шұрайлы да, образды сөздер. Бұл туралы академик Р.Сыздықова былай дейді: «Көнерген сөз дегеніміз – тарихи бір кезеңдерде қолданылған зат, бұйымдардың, орын алған оқиғалардың, құбылыстардың, ұғымдардың, ағымдардың атаулары» (Syzykova R., 2009: 12).

Ш. Уәлихановтың сөзімен айтқанда, «төрде басы, төскейде малы бір болған» ноғайлы дәуірінің ру-тайпалары озық үлгілі тарихи дастандарды дүниеге әкелді.

Ноғайлы дәуіріндегі эпостық жырлар мен тарихи дастандардың, толғаулардың тіліндегі бай лексикалық құрамы мен архайзм лексиканы төмендегідей тақырыптық топтарға бөлуге болады:

Тақырыптық топтар	Мысалдар
Жер-су атаулары	<i>Қырым, Ұрым, Еділ, Жайық, Азау, Жиренқона, Бесоба, Ешкіқырған, Жирен, Тобылғытау, Егіздібұлақ, Балбұлақ, Айғырбүгілді, Қазан қаласы, Еділ суы, Жыланды тау, Қап тау, Бөкентау, т.б.</i> Ерекшелігі ретінде таулардың атауынан соңтау, өзен, көл су атауларынан кейін <i>көлі, суы</i> ( <i>Қара ойықтың көлі, Еділ суы, Көк өзен</i> ) сөздерінің тіркестіріліп айтылуын атауға болады. Образдылықты білдіретін атауларға <i>Қырық қақпалы Қырым, Қырық сан қырым, Алты күндік Қаптау, т.б.</i> Бұлар нақты жер атауларынан гөрі бейнелі қолданысқа жатады, нақтылықты білдірмейді.
Кісі есім атаулары	<i>Тоқтамыс, Едіге, Ормабет би, Орақ – Мамай, Қарасай – Қазы, Аңшыбай батыр, Парпария, Ер Қосай, Ер Көкжие, Шора батыр, Құттықия, Нұрадин, Мұсахан Ақшахан, Қыдырбай, Ақару, Қобыланды, Бек, Тауып хан, Құртқа, Апар, Жапар, Бибіжан, Қошабай, Ашағар хан, Айқасқа, Байқасқа, Көкемтіқасқа, Көкқасқа, Қозғалмас хан, Хансұлу, Ибажан, Қостөре хан, т.б.</i>
Ру-тайпа атаулары	<i>Қазақ, ноғай, Он сан ноғай, тоқсан баулы ноғай, қара қыпшақ ноғай, қалмақ, сыбан, Қостөре елі, Ормабет елі, Жетітөре елі, бесқасқа елі, татар, башқұрт, қарқалпақ, қырым татарлары, алғадайлар, қызылбас. Қырық таңбалы Қырым, Он таңбалы Ұрым, Он екі баулы өзбек,</i>
Жауынгерлік лексика	1) Әрекет, іс-қимылды білдіретін сөз тіркестері: <i>талқан өту</i> (жеті қатар жебесін атып талқан өтеді); <i>ор қояндай өкірту</i> (Алшағардай қалмақты, ор қояндай өкіртіп); <i>ордасында шалу</i> (Ордасында шалады, өлтіріп кегін алады); <i>басы бөліну</i> (Басы бөлінді қалмақтың); <i>атқан оғы өту</i> (Шарайнаға қарамай, атқан оғы өтеді), т.б. Бұл қолданыстардың бәрі дерлік еркін сөз тіркестері емес, лексикалық мағына иеленген, лексикаланған тіркестерге айналған. <i>Найзасын ендірді, серпуіне шыдамау, жауды жайратты, найзасын саптады, жаудың оттарын сөндірді, күлін көкке ұшырды, елін шабу, жауды жапыру, ойын салу, т.б.</i> қимылды, қақтығыс кезіндегі іс-әрекетті білдіреді. 2) Қару-жарақ атаулары: <i>мылтық, адырғы, дулыға, сауыт, қалқан, жебе, садақ, оқ, шарайна, айбалта, ақ сүңгі, ақ берен, қу жебе, көк жебе, сұр жебе, ақ найза, ақ семсер, ақ алмас семсер, ала балта</i> т.б. Қару-жарақ атауларының жекелеген жырларда эпитетсіз жұмсалғаны байқалады. <i>балдағы алтын ақ берен, алтын құндақ ақ берен, қанды көбе, қандыауыз толғамалы ай балта, көксүңгі, толғамалы ақ сүңгі, бадана көзді ақ сауыт, шар болат, шашақты найза, алтын қалпақ, жез телпек, жауырын жебе, алмас қылыш, ақ қара бас ту, қорамсаққа қол салу, қозы жауырын оқ алу.</i>
Қоғамдық-саяси лексика	<i>Хан, бек, сұлтан, асыл, дана, ер, бай, жырышы, би, қойшы, ақсақал, бәйбіше, алғаным, жұрт, жақын, кемпір, шешей, пақыр, пенде, келін, ақсақал, аға, іні, жақыны (жеті ата жақыны)</i> және тұрақты сөз тіркестері <i>қас болу, хабар салу, кеңес құру, т.б.</i> қоғамдық-саяси лексикаға, оның ішінде әлеуметтік-тарихи мағынасы бар қолданыстарға жатады.
Жан-жануар және мал атаулары	<i>Атан, нар, ат, арғымақ, бие, ту бие, қой, жылқы, сиыр, бұқа, бура, буыршын, қазанат, тұлпар, сәйсулік, тырна, тауық, түйгын, сұңқар, бүркіт, жаналақ, арыстан, жолбарс, көк қоян, ор қоян, құба арлан, құлан, тарпаң, ақбөкен, қасқыр, қыран құс, тұрымтай, торғай, қаршыға, қошқар, тобылғы меңді торы ат, көк ала тай.</i>

Тақырыптық топтар	Мысалдар
Тұрмыстық лексика	<i>таяқ, шылбыр, күйме, мақпал, парша, атанға саба арту, төрт саба қымыз, бір сауын лақты ешкі, темірден кебіс, алтын тон, кіндік кесу, мерекелі той жасау, құрбандық шалу, мыс табақ, қалайы қазық, сом алтын тоқпақ, былғары саба, шыны аяқ, оймышты орындық, қара кестуырлық, шұға түңлік, қырмызыға малдырған қызыл-ала тон</i>
Діни лексика мен дерексіз сөздер	<i>Алла, құдай, тәңірі, атақ, аруақ, дүние, құдірет, пері, медеу, мұң, серт, шаһид кешу, , Ибраһим халил алла, газірейіл жұпар, кеп, белгі, өткен іс, кеңеңс, даңқ, жақсылық, жамандық, жалғыздық, әділдік, көңіл, нәпсі, жан, дәулет, бақыт, пейіл, қадір, ақыл, құн, есеп, есендік, сыпайшылық күш, қызыл тіл, өтірік, пәле, гұмыр, жалған дүние, қылық, сүйесін, демесін, ит тұрткі, ерлік, өрлік, зарлық, беріктік, сыр, қайрат, ант т.б.</i>
Ноғай тілінің лексикасы	<i>соңратын, соқта, асмар ету – сымарыи ету, бажа, балаңқы, сықтау, мажар, аббар көшу, мамық тосату, жәміші, шемшірлік, шал сақалың, нарты, дестір, кілең бұз, көмбедей ару жалар, ителу, көмірту, күділенген бал, жарқа, кежігу, қоңқалау</i>

Ноғайлы дәуірі эпостық шығармаларының лексика-семантикалық ішкі мазмұнынан «ата мекен», «түркі дүниесі мен руханияты», «ата қонысты қорғау», «қаһармандық», «ел бірлігі», «бесқару» сияқты ірі макрожүйені құрайтынын анықтауға болады.

Ноғайлы дәуіріндегі эпостар ман тарихи дастандардың тілдік ресурстары фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, сөзжасамдық тұрғыдан сол кезеңнің әдеби тіл нормасына сәйкес қалыптасқан. Мәселен Ноғайлы дәуіріндегі жыр дастандар мен жыраулар поэзиясындағы *мәна, сәна* сөз тұлғалары туралы Р.Сыздықова былай дейді: «Әрі күшейткіш сипат беру, әрі өлең өлшемін толтыру қызметін атқаратын бұл элементтер (мен, сен есімдіктерінің а вокативі тіркесуі арқылы жасалған тұлғалар) тек жазба әдебиетте емес, түркі халықтарының ауыз әдебиетіне де тән болған болу керек (Syzdykova R., 2004: 125).

### Қорытынды

Еділден Ертіске дейін, Каспий мен Арал теңіздерінің жағалауынан Қазан мен Чимга-Тураға дейінгі алып кеңістікте үш ғасырға жуық үстемдік еткен қуатты Ноғай Ордасы түркілік рухани мәдени ошақтың алтын бесігі.

Ноғайлы дәуірінің сөз зергерлері жалпы халықтық лексикадағы тілдік бірліктер мен сөз

асылдарын өз туындыларында таңдап, талғап енгізу арқылы ауыз әдеби тіл нормаларын қалыптастыруға ерекше үлес қосты.

Ноғайлы дәуірінің жыр толғаулары мен дастандарының лексика-семантикалық ерекшелігі философиялық терең ой мен дидактикалық мазмұнға, сан алуан экспрессия мен эмоцияға, өсиет-нақыл сөздер мен афоризмдерге, соны тіркестер мен синтаксистік параллелизмдерге, дыбыс үндесулері мен ішкі ұйқастарға, ырғақтық топ пен лингвопоэтикалық интонацияға толы.

Ноғайлы дәуіріндегі эпостық шығармалардың құнарлы да бай лексикалық құрамын түркілік антропонимдер мен топонимдер жүйесі, этнонимдер, жауынгерлік сөздер мен қару-жарақ атаулары, көнерген сөздер мен діни сөздер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, тұрақты теңеулер құрайтыны анықталды. Ноғайлы дәуірінің бұл бай лексикасы қазақтың тарихын ноғайлы дәуірімен сабақтастыратын қанмен жазылған қалың шежіреміз, ел мұраты мен өр-рухымызды, батырлығымыз бен қаһармандығымызды дәріптейтін, мерейімізді асқақтай түсетін рухани асыл мұрамыз.

Ноғайлы дәуірінде туған эпостық туындылардың тіліне лингвопоэтикалық және лексика-семантикалық кешенді сараптау жүргізіп қазақ руханиятының дамуына қосқан зор үлесін айқындаудың қашанда маңызы зор.

### Әдебиеттер

- Аджи М. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи. – Москва, 1999. – 230 с.  
 Трепавлов В. В. История Ногайской Орды. Москва: Восточная литература, 2002. – 752 с.  
 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 576 б.

- Сикалиев А.И. Общество и герой в Ногайском героическом эпосе. Традиции и современность (фольклор и литературна народоv Карачаево-Черкесии). – Черкесск, 1980. – С. 3-18.
- Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. – Алматы, 1978. – 351 б.
- Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 2011. – 281 б.
- Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Избранные труды. – Ленинград, 1974. – 725 с.
- Өмірәлиев Қ. Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы, 2010. – 656 б.
- Сыздық Р. Қазақ тілі ескіліктер мен жаңалықтары. – Алматы, 2009. – 272 б.
- Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 2004. – 288 б.

#### References

- Adji.M. (1999). Kipchaki. Drevnyaya istoriya turkov i Velikoi stepi [The ancient history of the Turks and the Great Steppe] Moscow, P. 230. (In Russian)
- Жұрмынскн V.M. (1974). Тiуrкскн героическн эпос. Избранные тpуды [Turkic heroic epic. Selected Works] Leningrad, P. 725. (In Russian)
- Zhubanov E. (1978). Epos tilinin ornekteri [Features of the language of the epic] Almaty, P. 351. (In Kazakh)
- Qazaq әdebieti. (2005). Entsiklopediialyq anyqtamalyq [Kazakh literature. Encyclopedic definition] Almaty: Aruna, P. 576. (In Kazakh)
- Momynova B. (2011). Qazaq әdebі tiliniñ tarihı [History of the Kazakh literary language] Almaty, P. 281. (In Kazakh)
- Ómiráliev Q. (2010). Kóne túrki әdebі eskertkishteri týraly zertteýler [Study of ancient Turkic literary monuments] Almaty, P. 656. (In Kazakh)
- Syzdyq R. (2009). Qazaq tili eskilikter men zhanalyqtary [Neologisms and archaisms in the Kazakh language] Almaty, P. 272. (In Kazakh)
- Syzdyq R. (2004). Qazaq adebi tilinin tarihy [History of the Kazakh literary language] Almaty, P. 288. (In Kazakh)
- Sikaliev A.I. (1980). Obchestvo i geroi v Nogaiskom geroicheskom epose. Traditsii i sovremennost (folklor i literatýra-narodov Karachaevo-Cherkessii). [Society and Hero in the Nogai Heroic Epic. Traditions and Modernity (Folklore and Literature-Peoples of Karachay-Cherkessia)] Cherkessk, P. 3-18. (In Russian)
- Trepavlov B.B. (2002). Istoriya Nogaiskoi Ordy [History of the Nogai Horde] Moscow: Vostochnaya literatura, P. 752. (In Russian)